

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

ерекшеліктері бар бала мен мектеп ортасындағы басқа балалар мен ересектер арасындағы делдал рөлін атқарады.

Мектептегі ортаны кедергісіз болу және АСБ бар баланы дамытуға ынталандыру үшін тьютор жұмысына келесі ұғымдар негізделуі керек:

- балаға сену,
- оның жеке басына деген шынайы қызығушылықты арттыру;
- ерекшеліктерімен қабылдау,
- шыдамдылық,
- білім берудегі жүйелілік.

Қорытындылай келе, тьютор үшін инклюзивті сыныпта өмірді ұйымдастыруға, жалпы сыныппен және АСБ бар баламен жұмыс істеу тактикасын жасауға шығармашылықпен, даралықпен қарау маңызды деп санаймыз. Тьютордың сыныптағы АСБ бар балаға берген қолдауының бірі – кедергісіз ортаны қалыптастырудан басталады. Инклюзивті сыныптар әлеуметтік стереотиптерді бұзуға және шынымен демократиялық атмосфераны қалыптастыруға, мұғалімдердің жауапкершілігін арттыруға, олардың біліктілігі мен құзыреттілігін жетілдіруге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н.В.Старовойт «инклюзивный класс – территория взаимопонимания, взаимодействия и творчества». Вестник Череповецкого государственного университета. 2018. №4(85).
2. Алехина, С.В. Принципы инклюзии в контексте развития современного образования /С.В. Алехина // Психологическая наука и образование. – 2014. – № 1.
3. Milsom, A. Creating Positive School Experiences for Students with Disabilities / A. Milsom // Professional School Counseling Journal. – 2006. – № 10(1).
4. Lewinson, L. Disability Awareness: We're In It Together / L. Lewinson // Teaching tolerance. – 2009.
5. Williams, K.A. Disability Awareness: 24 Lessons for the Inclusive Classroom / K.A. Williams. – Portland:Walch Publishing, 2000.
6. Педагогика инклюзивного образования: учебник / Т.Г. Богданова, А.М. Гусейнова, Н.М. Назарова [и др.]; под ред. Н.М. Назаровой. – М.: ИНФРА-М, 2017.
7. Кутепов М.М., Бегоутов Л.С. Информационные технологии в спортивном судействе/В сборнике: Интеграция информационных технологий в систему профессионального обучения сборник статей по материалам региональной научно-практической конференции. Нижегородский государственный педагогический университет им. К.Минина. 2016.
8. Морозов С.А. Детский аутизм и основы его коррекции. – М.: Сигналь, 2002.

ӘОЖ 178.96

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АҚПАРАТТЫ ТҮСІНІП ОҚУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рыспаева Сандугаш Ерлановна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік ғылымдар факультетінің, «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С.Елтайқызы

Оқу – қоршаған ортаны тану құралының бірі. Ол оқушының логикалық ойлауы мен тілін дамытады. Бастауыш білім беру кезеңдегі түсініп оқудың өзектілігі оқушының мектеп

бағдарламасының басқа пәндері бойынша білім алуының деңгейін, сонымен қатар кітап оқудың рухани даму көздерінің бірі екеніне көз жеткізеді. Бұл түсініп оқудың әмбебап құрал ретінде пайдасын айқындайды. Түсініп оқу дегеніміз – баланың оқыған әрбір сөзді нақты затпен байланыстыра алуы, оқығанына мағына бере білуі, оқыған сөздерінің бір-бірімен байланысын және өзара қатынасын түсіне білуі.

Мектеп оқушыларының оқу іс-әрекеті, бір жағынан, тәрбиенің нәтижесі мен білімді меңгеру әдісі, ал екінші жағынан, жеке тұлғаны дамыту құралы болып табылады. Оқуға машықтанған сайын, балалар бірте-бірте грамматикалық, логикалық және психологиялық тыныс жасаудың ережелерін, логикалық екпін түсіре оқу және дауыс ырғағына келтіріп оқудың қарапайым ережелерін меңгере бастайды.

Оқытуға дайындық мәселесі отандық және шетелдік білім беру психологиясының зерттеулерінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеушілер оқуға дайындық мәселесі алғаш рет Батыс Еуропа мен АҚШ елдерінде пайда болғанын және мектепке баратын балаларға қатысты қарастырылғанын атап өтті. XIX ғасырдың 2-жартысындағы мектеп реформасы, оның мазмұны міндетті бастауыш білім беруді енгізу әрбір сыныпта мектептегі оқудың басында қиындық көретін оқушылардың болатынын көрсетті. Бұл факт мектептегі оқудың мазмұны мен шарттарын және баланың жеке ерекшеліктерін, сондай-ақ мектепке қабылдау кезінде балаларды мұқият тексеру қажеттілігін анықтады.

Алғаш рет түсініп оқуға үйрету мәселесі XIX ғасырдың ортасында туындап, мәтінді механикалық түрде дыбыстау дағдысы мен мәтінде берілген ақпаратты оқушының түсінуі арасындағы қайшылық түрінде өзекті болды. Практикалық деңгейде толыққанды оқудың екі құрамдас бөлігінің болуы туралы мәселе көтеріледі: «оқу механизмі» және «оқылатын нәрсенің мағынасын түсіну. Осылайша, XIX ғасырдың ортасында оқудың бір-бірімен байланысты екі түрі анық белгіленді - техникалық және түсініп оқу. К.Д. Ушинский айтқандай: «Оқу ештеңені білдірмейді; нені оқу керек және оқығанды қалай түсіну керек - бұл ең бастысы».

Бірақ XXI ғасырда түсініп оқу проблемасы кем емес, тіпті өзекті болып табылады. Бүкіл әлемдегі теоретиктер мен практиктердің назарын аударады. Қазіргі заманғы балалар соңғы жылдары айтарлықтай өзгерді: оларда сананың жүйелі-семантикалық типі бар, оларда семантикалық сфера әрекеттің мағынасына бағдар ретінде басым, бұл семантикалық қабылдауды қалыптастыруды және мәтіндік ақпаратты өңдеуді қажет етеді. оқуды үйренудің бастапқы кезеңі (Н.А. Горлова) . Қазіргі уақытта балалардың кітап оқудан бас тартуы және басқа ақпарат көздеріне басымдық беру үрдісі артып келеді. Экранға тәуелділік баланың кез келген әрекетке зейінін шоғырландыра алмауына әкеледі. Мұндай балаларға экраннан қабылдауға дағдыланған тұрақты сыртқы ынталандыру қажет. Оларға естігендерін және оқығандарын қабылдау қиынға соғады. Жеке сөздерді және қысқа сөйлемдерді байланыстыра алмайды да, нәтижесінде тұтас мәтінді түсінбейді (Д.И. Фельдштейн).

Жалпы оқу – көпатқарымды үдеріс. Ол оқушылардың әлеуметтенуінде маңызды рөл атқарады. Ал, ақырында, оқу адамның бағалау және адамгершілік ұстанымын қалыптастыра отырып, тәрбиелік қызмет атқарады. Бұл әрбір оқу пәнінде түсініп оқу дағдыларын қалыптастыру және дамыту жұмыстары жүргізілуі керек дегенді білдіреді. Бастауыш мектеп жасында кітап оқудың маңыздылығын талдай отырып, К.Д. Ушинский ана тілін оқытудың ауызша және жазбаша сөйлеуді дамытуға ықпал ететінін, олар арқылы оқу мен жазуды дамытатынын атап көрсетеді. Сонымен қатар, кітап оқу баланың рухани дамуының негізі болып табылады «және адамның бүкіл дамуы үшін маңыздылығына байланысты ол білім берудегі басты мәселелердің бірі болуы керек», «Туған сөз - бұл рухани киім. Оны адам санасының шынайы қасиетіне айналдыру үшін барлық білім кию керек» [3, 345-346 б.].

Түсініп оқудың мақсаты - мәтіннің мазмұнын барынша дәл және толық түсіну, мәтіннің барлық бөлшектерін ұғып алу және ақпаратты практикалық түрде түсіну. Бұл мәтінді талдау

арқылы мұқият «оқу» және мағынасына ену. Түсініп оқу дағдыларын меңгеру ауызша сөйлеуді дамытуға және соның нәтижесінде жазбаша сөйлеуге және нәтижелі оқуға ықпал етеді.

Мәселен, сабақ барысында оқушылардың белсенділігін сақтау үшін оқу мен жазу арқылы сөйлеуді дамытуға бағытталған сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын қолдануға болатынын атап өтсем: кластер, синквейн әдісі, бағытталған оқу, Венн диаграммасы мен мәтінді белгілеу кестелері. Бұдан басқа функционалдық сауаттылық қатары бар тиімді әрі қызық тапсырмалар түрлеріне тоқталатын болсам: мәтіннің жалғасын немесе мәтіннің басын жазу, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру. Бастауыш мектеп оқушылардың мәтінді түсіну дағдыларын арттыруға арналған практикалық ұсыныстар:

Бірінші және негізгі қадам - жалпы оқу дағдыларын жетілдіру. Бұл жағдайда оқушыларға өздерін қызықтыратын тақырыптар бойынша кітаптарды таңдауға көмектесу керек. Нәтижесінде олар өздерін қызықтыратын тақырыптарды оқудан ләззат алады. Ең бастысы - күн сайын оқушыларды кем дегенде 15-20 минут оқуға шақырыңыз.

Екінші қадам - бастауыш сынып оқушылары болғандықтан, мұғалімнің оқу деңгейінен төмен кітаптардан бастағысы келсе, дұрыс болады. Мұндай мәтіндердегі сөздер балаларға таныс заттардың, қимыл-әрекеттің аттары болуы керек, ал сөйлем құрылысы жағынан – балалардың әлі жететін болуы керек. Олар оқыған ақпарат көздеріне ерекше көңіл бөлуге және олардың өз таңдауына сенімді болуына көмектесе аласыз. Осы қадамды одан әрі арттыру үшін оқушыларды анда-санда тоқтатуға шақырыңыз да, оқығанын ақыл-оймен дауыстап қорытындылаңыз. Олар өз ойларын жазып алу үшін жазбалар немесе графикалық ұймдастырғышты қолданғысы келуі мүмкін. Бұл ақпараттың ұзақ мерзімді жадта сақталуына көмектеседі.

Үшінші қадам – оқушылардың түсініп оқу дағдыларын арттыру үшін алдымен тараудың тақырыптарын оқып, оқитын материалдары туралы түсінік беру керек. Тұтас мәтінді түсініп оқу үшін оның ішіндегі әрбір жеке-жеке сөзге тоқталу жеткіліксіз, өйткені бастауыш сыныбында оқитын оқушы жеке-жеке сөздің мағынасын түсінгенімен, әңгіменің желісіне, шығарманың негізгі идеясын түсінбей қалуы мүмкін. Осы жағдайда таныс емес сөздерді төмендегі кесте бойынша талдауға болады.

1.1 Жаңа сөздерді кесте бойынша толтыру (2-4 сынып арасы).

Менің ойымша, түсініп оқудың әдістерін қолдану сабақтың тиімді болуына әкеледі. Ол бірнеше кезеңнен тұруы мүмкін:

Оқу алдындағы іс әрекет – бұл мәтіннің нәтижесіне болжам жасау және мәтін тақырыбы бойынша алдын ала оқу-әңгімелесуді жүргізу. Оқушыны түсініп оқуға төселдірудің бір жолы - алдын-ала дайындық өткізу болады. Мұғалім балаларды оқылатын шығарманың ішінде кездесетін ұғымдармен және әңгіменің ішіндегі оқығаның жағдайымен алдын-ала таныстырады. Әсіресе, таныс емес шет елдер немесе отанымыздың өткендегі өмірі туралы әңгімелерді оқығанда, алдын-ала әңгімелесудің маңызы өте зор. Бұндай кезде әр түрлі көрнекі құралдар көрсетіледі, көбінесе, мұғалім балаларды қызықтырып әңгіме айтып береді. Алдын-ала әңгімелесу балалардың өздерінің бұрын көріп-білгендерін еске түсіру мақсатымен жүргізіледі. Әсіресе жыл мезгілдері туралы оқығанда мұғалімнің сұрауларына жауап бере отырып, оқушы табиғат құбылыстарын естеріне түсіреді. Сөйтіп, оқушылар саналы түрде оқуға дайындалады.

Оқығаннан кейін - бұл негізгі ойды анықтау, жоспар құру, қорытынды жасау және т.б. [4].

| | |
|---|------|
| Жаңа сөз | |
| Жаңа сөздің мәтіндегі қолданысы | |
| Ассоциация | |
| Синоним | |
| Антоним | |
| Анықтама | 4711 |
| Оқушының өзі құрастырған сөйлемі | |

Қорытынды жасау әңгімеде оқылып талданған шығарма түгелінен қорытылады, оның ішінде оқиға, әрекеттерге баға беріледі, шығарманың кейіпкерлеріне балалардың қалай қарайтындығы анықталады, оқылған шығарманы қазіргі шындық өмірмен байланыстырады, яғни шығарманың идеялық мазмұны айқындалады. Бастауыш мектепте ақпаратты түсініп оқуды үйретудің психологиялық негіздеріне тоқталатын болсақ:

Біріншіден, кітап оқу бастауыш мектеп жасындағы психикалық және тұлғалық дамуға ықпал етеді. Оқуды қамтамасыз етуге зейін, есте сақтау, ойлау, оқу уәждемесі қатысады, ал оқудың өзі оқушы тұлғасының дамуына ықпал етеді. Екіншіден, түсініп оқуды үйретуде оқу уәждеріне ерекше рөл беріледі. Өйткені уәждеме «оқылатын нәрсенің мағынасын түсінуде» маңызды рөл атқарады. Үшіншіден, К.Д. Ушинский оқу материалын баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық таңдау қажеттігін айтты. Мұндай оқыту, ғалымның пікірінше, оқуға деген қызығушылықты оятуы мүмкін. Бұл мұғалімнің сабақ барысындағы түсініп оқу бөлігі ойдағыдай өткізу үшін өз оқушыларының жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге міндеттілігін көрсетеді.

Т.В.Волкова жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі тұжырымдар қорытындыланған.

Біріншіден, бірінші сыныпта оқу іс-әрекеті аясында ақпаратты түсініп оқу әрекетін меңгерудің алғы шарттары бірте-бірте қалыптаса бастайды. Іс-әрекеттің психологиялық құрылымы әу бастан тұтастық ретінде қалыптасады (В.Д. Шадриков) деген ұстанымға сүйене отырып, семантикалық оқу әрекетінің психологиялық құрылымы бірінші сыныпта қалыптаса бастайды деп тұжырымдауға болады. Алынған деректер Л.С. Выготский оқытудың бастапқы кезеңі деп аталатын кезең бар екенін, оның барысында баланың психикалық функциялары «оянып», дамып, қайта құрылымдалады. Н.В. Нижегородцева бұл кезеңді оқытуға бастапқы дайындықты қалыптастырумен байланыстырады. Болашақта бұл функциялар жазуды, оқуды және математиканы оқушының жаңа әрекеті ретінде меңгеруге негіз болады. Осы іс-әрекет түрлеріне психологиялық алғышарттардың қалыптасуы оқуға қайталама дайындықты қалыптастырумен байланысты.

Екіншіден, екінші сыныпта орындалатын іс-әрекеттердің құрылымында артықшылық байқалады. Табысқа жету үшін оқушы психиканың барлық қолда бар резервтерін пайдаланады, сондықтан оқуға әсер ететін жеке ішкі құрылымдарды бөліп көрсету мүмкін емес.

Үшіншіден, үшінші және төртінші сыныптарда мағыналық оқу әрекетінің психологиялық құрылымын оңтайландыру процесі басталады. Жетістікке жету үшін студент енді психиканың барлық қолда бар резервтерін пайдаланбайды.

Қорытындылай келе, түсініп оқу дегеніміз - әрбір сөздің, әрбір сөйлемнің мағынасын түсінумен қатар, сөздердің, сөйлемдердің бір-бірімен байланысына, тұтас шығарманың негізгі мақсатына түсіну деген сөз. Заманауи педагог ғылымының осындай әдісі оқушыларды танымдық белсенділікке ынталандыруға, әлемге эмоционалды және құндылық көзқарасты қалыптастыруға, ынтымақтастық қуаныш атмосферасын құруға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Р.Сыздықова, Т.Қордабаев. Оқыту методикасының негізгі мәселелері// Алматы, 1980.
2. Аткинсон Р. Человеческая память и процесс обучения // Москва, Прогресс, 1980 ж.
3. . Ушинский, К. Д. Собрание сочинений [Текст] / К.Д. Ушинский. – М.-Л.: Изд-во АПН РСФСР, 1949. Т.5 – 591 с.; Т.6 – 446 с.; Т.7 – 358 с.
4. Большаков А.П. «Основы смыслового чтения и работа с текстом» 7-9 классы Биология. География. – Волгоград: Изд-во «Учитель» 2014.

5. В.Т. Волкова « Динамика психологической структуры смыслового чтения как деятельности у учащихся начальной школы»

ӘОЖ 178.97

МЕДИА САУАТТЫЛЫҚ КОНТЕКСТІНДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚИТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Самиғолла Нұржарқын Айболатқызы
nurjarkyn29@gmail.com

Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Тілдер және менеджмент факультеті, Шет ел тілдері мен аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы, Орал, Қазақстан

Қазіргі таңда жұмыс берушілер университет түлектерін жұмысқа алу барысында үш тілді білуін талап етіп ғана қоймай, олардың сөйлеу қабілеті мен қарым-қатынасты құру дағдыларына аса мән береді. Дуальді оқу процессіне сәйкес Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеттің “Шет ел тілдері мен аударма ісі” кафедрасының облыстық білім басқармасы, мектеп басшылары, мұнай-газ компанияларымен дөңгелек үстел өткізу барысында түлектерінің жазбаша және ауызша дағдыларына күндізгі оқу кезінде аса назар аударып, дамыту қажеттілігін айқындады. Студенттер пәнді оқу барысында ауызша коммуникация дағдыларының маңыздылығына мән бергенмен, күнделікті жағдайда іске асыру мүмкіндіктері шектеулі екенін байқаймыз. Дегенмен, студенттердің ағылшын тілінде ойлау қабілетіне ықпал ету үшін ауызша жаттығуларды үйреншілікті жасап, әртүрлі тақырыптарға ой қозғауға әсер ететін тақырыптарды жан-жақты талқылау қажет.

Бүгінгі таңда ғаламтордағы ақпараттың 60%-ы ағылшын тілінде (сурет 1)⁹, сондықтан студенттерге ағылшын тілін жетілдіру арқылы ақпараттың түп нұсқасын табу арқылы оны дұрыс қолдана білу қажет. Дегенмен, кейбір ақпараттар шындықпен жанаспайды, БҰҰ-та фейк жаңалықтың көптігі дұрыс мәліметтерді алу мүмкіндігін шектейді. Сол себепті жастардың шет тілін біліп ғана қоймай, бұл құралды медиа ақпаратты сараптау, критикалық тұрғыдан ой илегінен өткізіп ғана қолдану керек. Әлем бойынша мұғалімдер білім алушылардың шет тілінде сөйлесуге көмектесетін оқыту әдістерін қолдануға мақсат қойып отыр⁴. Тіл мамандарына сәйкес адамға негізгі тұлғааралық қарым-қатынасын дамыту үшін үш-бес жыл қажет етілсе, шет тілінде сөйлеу дағдылары және когнитивтік қабілетін дамыту үшін бес-жеті жылға дейін уақыт талап етіледі⁸. Сонымен қатар, Джонсон мен Ньюпорттың тұжырымдамасына сәйкес шет тілін неғұрлым ертерек үйренсе, соғұрлым тілді тез меңгеру мүмкіндігі жоғары болады.¹³